

***№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің педагог-психологтарының
2018-2019 оқу жылындағы психологиялық азарту бағыты бойынша
атқарған жұмыстары.***

2018-2019 оқу жылына сәйкес психодиагностикалық, психопрофилактикалық, психокоррекциялық, психологиялық кеңес беру, әлеуметтік-диспечерлік бағыттар бойынша жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша қыркүйек айында:

06.09.2018ж. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде ата-аналар арасында «Берік отбасы адамның сенімді тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін мейлінше арттыру, ата-анамен бірлесе отырып, бала тәрбиесіне байланысты мәселелерге көңіл аудару, жан-жақты дамыған тұлғаны адамгершілік, рухани жағынан тәрбиелеу мақсатында жүргізілді. Ата-аналарға отбасы жайлы бейнеролик көрсетіліп, сол ролик бойынша ата-аналардың ойлары айтылып пікірталас өрбіді. «Сіз қандай ата-анасыз?» тесті таратылып, жауаптары алынды. «Баланы ести білу» рөлдік ойыны ұйымдастырылып, ата-аналар белсенді қатысты. Пікірталас соңында ата-аналарға «Ата-ана міндеттері» атты жадынама тарқатылды. Соңында ата-аналар өсіріп отырған ұрпақтарын мейіріммен, сезімталдықпен, кішіпейілділікпен тәрбиелей берейік деген ойларын айтты.

07.11.2018ж. №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде мұғалімдер арасында қазақтың салт-дәстүрлеріне сүйене отырып, жан-жақты тәрбиелеу мақсатында мұғалімдерге баяндама оқылды.

Жан – жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Баланың ақылын тәрбиелеу оның танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту, әртүрлі түсінулердің кеңдігі мен сезімталдығын, байқағыштықты, естің түрлерін жаттықтыруды, ойдың елестетуін ынталандыруды талап етеді. Мысалы: жұмбақтар халық педагогикасында осы талапты жүзеге асырудың аса құнды дидактикалық материалы болып табылады. Олар баланың ойлауын дамытуға ықпал жасайды.

Салт-дәстүрлерге негізінде халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халық ойындары т.б. жатады. Қазақтың ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер т.б. ерте заманнан бастап, жасөспірімдердің ой-өрісін, зеректігін анықтау үшін тәрбие құралы ретінде қолданып келетінін мұғалімдер атап өтті.

Мұғалімдер арасында «Балаларды қазақтың салт-дәстүрлеріне сүйене отырып, жан-жақты тәрбиелеу» тақырыбында жүргізілген баяндаманы талқылау сәтінен көріністер



Қараша айының 15 жұлдызында мектепшілік «Сабақ барысында қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру» тақырыбында семинарында мұғалімдерге психологиялық тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Ұстаздарды жанашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой - қиялын арттыру.

Міндеті: Жаңа қоғамдағы адамгершілік, патриотизм және педагогиканың ұйытқысы ретінде нәтижеге бағытталған білім біскерліктерін дамыту.

Мұғалімнің эмоциялық көңіл - күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту. Ұстаздардың өз кәсібіне деген ынтасын арттыру.

Тренинг барысында «Көрші» жаттығуында бір топ мүшелері екендігін сезініп, бір-біріне жылулық сыйлады. «Суреттегі ой» жаттығуы бойынша мұғалімдерге 4 сурет бойынша ой бөлісіп, ұтқыр жауаптар айта білді.

«Психогеометриялық фигура», «Ақша қар» жаттығуларын орындау барысында мұғалімдер арасында үйлесімді қарым-қатынас, жеке тұлғаны байқағыштық, татулық, ынтымақтастық қасиеттері байқалды. Мұғалімдер үш түрлі қағаз қиындыларына мұғалімнің қандай болу керек, мұғалімнің мақсаты, мұғалімнің еңбегінің нәтижесі және де шәкірт қандай болу керектігін жазып «Еңбек ағашын» құрастырып шығарды.

Тренинг соңында мұғалімдер жүректі үйлестіру арқылы бір-біріне тілек айтып, жақсы әсер алып көтеріңкі көңіл-күймен аяқтады.

Мұғалімдер арасында жүргізілген тренингтен көріністер



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 30.01.2019ж. күні мектеп мұғалімдерімен жұмыс жүргізілді.

Бағыты: әлеуметтік-диспетчерлік.

Таңдалған әдімтеме: «Өзгені емес, өзіңзді жақсы білесіз бе?»

«Сіздің ашу деңгейіңіз қандай? »

Мақсаты: жалпы мектептегі психологиялық ахуал қандай, әрбір ұстаз – бұл жеке тұлға, яғни қалыптасқан мінез-құлық ерекшеліктері бар адам болып табылады, міне, осы мінез-құлықтағы жағымды және жағымсыз қасиеттерге ие бола отырып, біз, өзіміздің жағымсыз қасиеттерімізге тосқауыл қоя білеміз бе? Білсек, қаншалықты? Оны дер кезінде тежей аламыз ба? Міне, осындай сұрақтарға жауап алдық.

Нәтижесі: қанша мұғалім болса сонша мінез-құлыққа ие мұғалім бар, алайда **сауанаманың қорытындысы бойынша**, мұғалімдердің дерлік барлығы өз ашуларын тежей алатын, өзгеге ауыр сөз айтпайтын, қарым-қатынас жасау этикасын сақтай білетін, сөйлегенде мәдениеттілікті, сыпайылықты сақтай білетіндіктері анықталды, бұл өте жақсы көрсеткіш болып табылады.



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде **03.05.2019ж. күні** 4-сынып оқушыларымен жұмыс жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты: балалар арасындағы психологиялық ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара барысы: 4 сынып оқушылары арасында аталған тақырып бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқушыларға тақырып бойынша өзекті сұрақтар талқылануға берілді. Белгілі бір уақыт дайындықтан кейін оқушылар өз ойларын алға тартты. Әрбір топ өздерінің пікірлерін дұрыстап, келесі топ оқушыларына сұрақтар қойып отырды. Жүргізуші-психолог Ж.Мырзалиева тарапынан «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың себеп-салдарлары» тақырыбында лекция оқылды, түсіндірмелік жұмыстар жүргізіліп өтілді.

Қорытынды: аталған тақырып бойынша 4-сынып оқушылары өздеріне қажетті, маңызды мағлұматтарға ие болды, мазалап жүрген сұрақтарына толыққанды жауап алды деп мәлімдейміз.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде **06.05.2019ж. күні** ата-аналармен профилактикалық жұмыс жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты: ата-аналар арасында **ағартушылық** жұмыстар жүргізу.

Тақырыбы: *«Зорлық- зомбылықсыз үй!»*

Іс-шара барысы: 1-4 сынып оқушыларының ата-аналары арасында аталған тақырып бойынша әңгіме жүргізілді. Жалпы, әрбір отбасындағы тыныштық, жайлы, жағымды ахуал – баланың дұрыс өсіп-жетілуі үшін, толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуы үшін өте маңызды болып табылатындығы жөнінде айтылды. Жүргізуші-психолог Ж.Мырзалиева тарапынан «Баланың дұрыс қалыптасуы үшін, өз ойын еркін айта алуы үшін ата-аналар тарапынан әрқашанда шыдамдылық, төзімділік секілді қасиеттер керек екендігі секілді» бірқатар бағыт-бағдарлар беріліп өтілді. Ата-аналар да өз ойлары мен пікірлерін білдіріп, «баланың тәрбиесінде зорлық-зомбылыққа жол жоқ» деген ортақ қорытындыға келгендігі жөнінде мәлімдейміз.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде **13.05.2019ж. күні** 1-4-сынып жетекшілерімен психологиялық ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты: *мұғалімдер арасында түсіндірмелік жұмыс жүргізу.*

Тақырыбы: *«Жастардың арасындағы діни сауаттылықты қалыптастыру – елдің қауіпсіздігі мен тыныштығының кепілі!».*

Іс-шара барысы: 1-4-сынып жетекшілері арасында аталған тақырып бойынша түсіндірмелік-профилактикалық жұмыс жүргізілді. Қазіргі заманның ағысына байланысты әрбір мемлекетте тыныштық, бейбітшілік деген ауадай қажет болып тұр. Мемлекет дегеніміз – бұл сонда өмір сүретін қарапайым адамдар, отбасылар болып табылады, яғни, бұл тыныштық пен бейбітшілік әрқайсымыздың қолында екендігі айдан анық. Сондықтан да, бұл тарапта өскелең ұрпақты тәрбиелеп отырған ұстаздардың рөлі өте үлкен болып тұр. Бұл жұмыстың мақсаты да осыған сайып келеді – ұстаздар арасында діни сауаттылық туралы дұрыс ұғым қалыптастыру.

Қорытынды: аталған тақырып бойынша ұстаздар өздеріне қажетті, маңызды мағлұматтарға ие болды.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 14-15.03.2019ж. күндері жалпы І-жартыжылдық бойынша жұмыстарға қорытындылау жұмысы жүргізілді.

Іс-шара мазмұны: талдау жасау, мәлімет, хаттама толтыру жұмыстары жүргізілді.

10-11.04.2019ж. күндері 4-ші сыныптар бойынша дарынды балалармен шығармашылық жұмысы жүргізілді.

Бағыты: ағартушылық.

Мақсаты: дарынды балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту, көркем әдебиеттерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Іс-шараның барысы: анықталған балаларға «Абайдың бірінші қара сөзін» оқып, өздерінің ой-пікірлерімен бөлісу ұсынылады.

Нәтижесі: Абайдың қара сөздері терең философиялық ойға тұнып тұр, 4-сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында осы тақырыпты таңдап, ортаға салдық, әр оқушы өзінің қорытындылаған ойымен бөлісті, сабақ қызықты да тартысты өтті. Оқушылардың Абай атамыздың шығармашылығына деген қызығушылығы бірішама артты.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде

17.05.2019ж. күні 1-4- психологиялық ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты: баланың тәрбиесі әрқашанда ең бірінші орында болу керектігі туралы түсіндірмелік жұмыс жүргізу.

Тақырыбы: «Басты назар – бала тәрбиесінде!!».

Іс-шара барысы: 1-4-сынып жетекшілері арасында аталған тақырып бойынша пікір-сайыс жұмысы жүргізілді. Мұғалімдерге нақты тақырып бойынша әртүрлі сұрақтар қойылды. Сол сұрақтар бойынша әр тарап өз ойларымен, көзқарастарымен бөлісті. «Бала тәрбиесі басты назарда екендігін әрбір мұғалі жетік түсінгенімен, кейбір сәттері екінші орынға түсіп, назардан тыс қалып қоятын сәттер болады, сондай азғана уақыттың өзі өз кесірін тигізіп жататынын шындық, сондықтан да баланың тәрбиесіне, оның көңіл-

күйіне, оның басқаларға деген қатынасына әрқашанда көңіл аударып, басты назарға алып отыру қажет» деген ортақ қорытындыға келді.

2018-2019 оқу жылы бойындағы атқарылған психологиялық қызмет


бойынша атқарылған барлық жұмыстарға анализ жасалып, талдау жүргізілді.

Психологиялық қызмет төмендегідей бағыттар бойынша іске асырылып отырды:

- Психодиагностикалық (анықтау, зерттеу жұмыстары);
- Психокоррекциялық (түзету-дамыту),
- Психоконсультациялық (кеңес беру);
- Әлеуметтік-диспетчерлік (мектеп ұжымымен, ата-аналармен жұмыс).
- 2019-2020 оқу жылында 1-сыныпқа келетін балалардың (МДТ топ бүлдіршіндерінің) таным процестеріне диагностика жүргізілді, таным қабілеттері қалыпты, жас ерекшеліктеріне сай дамыған (5-6 жас айырмашылығын ескере отырып), баладан-оқушыға қалыптасушы қабілеттер мен қасиеттер нормаға сай қалыптасқан, әрбір топтың даму динамикасы «АНЫҚТАМАЛАРДА» келтірілген.

Аталған барлық бағыттар бойынша жұмыстар жоспарлы түрде өз деңгейінде атқарылып отырды, 1-4-сынып оқушыларының даму деңгейлерін анықтау, түзету-дамыту, келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша жоспарлы жұмыстар да дер кезінде өз деңгейінде атқарылып отырды, оқушылармен жеке және топтық жұмыстар да өз деңгейінде атқарылды, ата-аналарға, мұғалімдерге қажетті ұсыныстар беріліп, тиісті бағыт-бағдарлар дер кезінде беріліп отырды.

1-сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу қорытындысы:



2018-2019 оқу жылы бойындағы атқарылған психологиялық қызмет

бойынша атқарылған барлық жұмыстарға анализ жасалып, талдау жүргізілді.

Психологиялық қызмет төмендегідей бағыттар бойынша іске асырылып отырды:

- Психодиагностикалық (анықтау, зерттеу жұмыстары);
- Психокоррекциялық (түзету-дамыту),
- Психоконсультациялық (кеңес беру);
- Әлеуметтік-диспетчерлік (мектеп ұжымымен, ата-аналармен жұмыс).
- 2019-2020 оқу жылында 1-сыныпқа келетін балалардың (МДТ топ бүлдіршіндерінің) таным процестеріне диагностика жүргізілді, таным қабілеттері қалыпты, жас ерекшеліктеріне сай дамыған (5-6 жас айырмашылығын ескере отырып), баладан-оқушыға қалыптасушы қабілеттер мен қасиеттер нормаға сай қалыптасқан, әрбір топтың даму динамикасы «АНЫҚТАМАЛАРДА» келтірілген.

Аталған барлық бағыттар бойынша жұмыстар жоспарлы түрде өз деңгейінде атқарылып отырды, 1-4-сынып оқушыларының даму

деңгейлерін анықтау, түзету-дамыту, келеңсіз жағдайлардың алдын алу бойынша жоспарлы жұмыстар да дер кезінде өз деңгейінде атқарылып отырды, оқушылармен жеке және топтық жұмыстар да өз деңгейінде атқарылды, ата-аналарға, мұғалімдерге қажетті ұсыныстар беріліп, тиісті бағыт-бағдарлар дер кезінде беріліп отырды.

Дайындаған: О.Залова